

ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӨРЕКЕТ ЕТУ ТУРАЛЫ КОДЕКС

МАҚСАТЫ

KAZ Minerals-та парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік таныту қағидаты қолданылады: Осы Кодекстің мақсаты – парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы барлық қолданылатын заңдарға сәйкес Топтың өз қызметін жүзеге асыруға деген бейілділігін көрсету.

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Осы Кодекс және оның негізіндегі саясаттар KAZ Minerals Тобы компанияларының барлық лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне (тұрақты, келісімшарт бойынша және уақытша негізде жұмыс істейтін), іссапарға келген, агенттіктер ұсынған қызметкерлерге, жабдықтаушыларға, кеңесшілерге, агенттерге, дистрибьюторларға және Топтың кез келген компаниясының атынан іс-әрекет ететін кез келген тұлғаларға (жеке алғанда – «Жұмыскер», бірлесіп – «Жұмыскерлер»), сонымен қатар Топтың өз қызметін жүзеге асыратын барлық мемлекеттердегі іскерлік операциялары мен транзакцияларына қолданылады.

ШОЛУ

Осы Кодекс мәтін бойынша бұдан әрі егжей-тегжейлі баяндалған мынадай қағидаттарды қамтиды:

- Жұмыскерлер тікелей немесе жанама түрде пара бермеуі, алмауы керек, пара беруге немесе алуға ықпал етпеуі керек, сонымен қатар пара беру кезінде делдал болмауы керек: «Пара беру және алу» тарауын қараңыз («Нақты қағидаттар», 1-бөлім).
- Жеделдету үшін төлемдер жасау (мемлекеттік қызметкерлер жүзеге асыратын әрекеттерді қамтамасыз ету немесе жеделдету үшін төленетін төлемдер) пара ретінде қарастырылады және тыйым салынады: «Ресми рәсімдерді жеделдету төлемдер» тарауын қараңыз («Нақты қағидаттар», 2-бөлім).
- KAZ Minerals өз қызметін сенімді беделі бар жеке тұлғалармен және ұйымдармен ғана жүргізеді. Сондықтан іскер серіктестермен қарым-қатынас жасамай тұрып, Жұмыскерлер контрагенттерге тиісті дәрежеде алдын ала кешенді заңдық тексеру жүргізіп, жасалатын шарттар аясында KAZ Minerals үшін барабар қорғау шараларын қамтамасыз етуі тиіс: «Іскерлік серіктестермен қарым-қатынас жүргізу» тармағын қараңыз («Нақты қағидаттар», 3-бөлім). KAZ Minerals-тың контрагенттерді алдын ала тексеруге қойылатын талаптары туралы толық ақпарат «Іскерлік серіктестермен қарым-қатынас жүргізу/контрагенттерді алдын ала тексеру» жеке саясатында қамтылған.
- KAZ Minerals саяси мақсаттарға жарна салмайды: «Саяси жарналар» тармағын қараңыз («Нақты қағидаттар», 4-бөлім).

- Осы Кодекстің немесе парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Топтың басқа да саясаттарының кез келген бұзушылықтары туралы мәліметтерді білетін Жұмыскерлер өздерінің күдіктері туралы дереу хабарлауға тиіс: «Заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы ескерту (Speak Up)» тармағын қараңыз («Нақты қағидаттар», 5-бөлім).

ЖАУАПКЕРШІЛІК/ЗАҢНАМАНЫ САҚТАМАУ

Әрбір Жұмыскер осы Кодекстің және Топтың парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де саясатының талаптарын сақтау үшін жауап береді. Жұмыскер осы Кодексті немесе Топтың кез келген өзге де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын сақтамаған жағдайда қолданыстағы заңнамаға және/немесе KAZ Minerals ішкі саясаты мен рәсімдеріне сәйкес тәртіптік немесе өзге де жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

KAZ MINERALS-та ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСҚА ДА САЯСАТТАР

Сыйлықтарға және қонақжайлылық танытуға қатысты саясат

Үшінші тараптардың шағын сыйлықтары мен қонақжайлылық көріністері шешім қабылдауға әсер етпейтін және осындай әсер ететіндей әсер қалдырмайтын жағдайда берілуі немесе қабылдануы мүмкін. Толық ақпарат Сыйлықтарға және қонақжайлылық танытуға қатысты саясатта қамтылған.

Мүдделер қақтығысы туралы саясат

Топ компанияларының жұмыскерлері, іссапарға жіберілген және агенттіктер ұсынған KAZ Minerals жұмыскерлері оларды реттеу бойынша қажетті шараларды қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін кез келген ықтимал мүдделер қақтығысы туралы хабарлауға тиіс. Толық ақпарат KAZ Minerals-тың Мүдделер қақтығысы туралы саясатта берілген.

Әлеуметтік инвестициялар жөніндегі саясат

Топ компаниялары атынан Топ өз қызметін жүргізетін аймақтардағы немесе елдердегі жергілікті қауымдастықтарды қолдау жобаларына ұсынылатын кез келген жарналар немесе қайырымдылықтар әдетте мемлекеттік қызметкерлермен өзара әрекеттесу қажеттілігін болжайды, сондықтан мұндай жобаларды алдымен Әлеуметтік инвестициялар жөніндегі комиссия жазбаша түрде бекітуі керек. Толық ақпарат KAZ Minerals-тың Әлеуметтік инвестициялар туралы саясатында берілген.

НАҚТЫ ҚАҒИДАТТАР

1. Пара беру және алу

Жұмыскерлер тікелей немесе жанама түрде:

- ұлттық немесе жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қызметшіге, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген өзге де тұлғаларға және оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде заң шығарушы, әкімшілік немесе сот органында лауазымды қызмет атқаратын тұлғаларға осындай адамның ресми іс-әрекеттеріне ықпал ету немесе тиісті емес жеңілдіктер немесе артықшылықтар алу мақсатында ақшаны немесе өзге де құндылықтарды беруді ұсынуға, уәде етуге, беруге немесе келісуге;
- іскерлік қатынастарды орнату, сақтау немесе кеңейту мақсатында немесе қандай да бір адамды өз міндеттерін тиісінше орындамауға итермелеу мақсатында коммерциялық ұйымға немесе коммерциялық ұйымның қызметкеріне ақшаны, өзге де құндылықтарды ұсынуға, уәде беруге, беруге немесе келісуге;
- осы артықшылықтарды қабылдау осындай үшінші тараптың міндеттерді

тиісінше орындамауын білдіруі мүмкін екенін біле тұра немесе сенімді бола отырып, ақшаны немесе өзге де құндылықтарды үшінші тарапқа ұсынуға, уәде беруге, беруге немесе келісуге;

- агенттерді немесе өзге де үшінші тұлғаларды тиісті емес төлемдерді жүзеге асыру немесе іскерлік операцияларды жүргізу үшін мүмкіндіктер алуға немесе сақтауға немесе бизнесте тиісінше жеңілдіктер немесе артықшылықтар алуға бағытталған өзге де игіліктер беру үшін пайдалануға;
- олардың артықшылықтар мен уәделерін сұрау, талап ету, қабылдау немесе алу үшін өзінің лауазымдық жағдайын пайдалануға **құқығы жоқ**.

2. Жылдамдату үшін жасалынатын төлем

KAZ Minerals паралар мен «жылдамдату үшін жасалынатын төлем» деген сөздердің арасында ешқандай айырмашылық жасамайды, Топта бұларға тыйым салынған. «Жылдамдату үшін жасалынатын төлем» – рұқсат құжаттарын беру немесе кеден қоймаларынан тауарларды шығару сияқты әдеттегі құқықтық мемлекеттік процедураларды қамтамасыз ету немесе жеделдету мақсатында төленетін сомалар.

KAZ Minerals Жұмыскерлерден ресми рәсімдерді жылдамдату үшін тіпті мұндай төлемдердің номиналды мөлшері болса да, төлемдер жасамау қағидатын сақтауды талап етеді. Егер күдіктенуге негіз болса, онда төлем қолданыстағы заңнамада тікелей рұқсат етілген кезде ғана жасалуы мүмкін. Қолданылатын заңнама деп тиісті елде регламенттелген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ жария жазбаша дереккөздерде қолжетімді сот шешімдері түсініледі.

Кез келген қызметкерден немесе іскер серіктестен жылдамдату үшін ақы сұралған жағдайларда мұндай төлемнің KAZ Minerals-тың парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы кодексіне қайшы келетінін дереу түсіндіруге тиіс, осыған байланысты мұндай төлем жүргізілмейді.

Егер KAZ Minerals саясатын мұндай түсіндіру жағдайды шешпесе, онда Жұмыскер өзінің тікелей басшысына, ал іскерлік-серіктес KAZ Minerals компаниясындағы тиісті байланысушы тұлғаға (қолданылатын болса) хабарлап, жұмылдырылған мемлекеттік қызметкерге және жылдамдату үшін төлем талап етілген мән-жайлар туралы толық ақпаратты ұсына отырып, болған жағдайды түсіндіруі тиіс. Осыдан кейін тікелей басшы немесе бөлімше басшысы, егер Жұмыскер Қазақстанда немесе Қырғызстанда болса қажет болған жағдайда Бас компаенс-офицермен немесе Қазақстандағы немесе Қырғызстандағы Топ компанияларындағы компаенс-офицермен, немесе Дубайдағы Корпоративтік хатшымен бірлесе отырып, қабылдануға тиісті қажетті шаралар туралы шешім қабылдайды. Аталған шаралар орын алған мәселені тіркеу және хабарлау үшін, сондай-ақ оны реттеу бойынша әрекеттерді қабылдау мақсатында тиісті мемлекеттік департаментке жауапты Министрге KAZ Minerals-тың атынан хат жазуды қамтуы мүмкін.

Егер ресми рәсімдерді жылдамдату үшін төлем жасау талаптары KAZ Minerals-қа өміріне қауіп төндіру, денсаулығына немесе әл-ауқатына нұқсан келтіру, қауіпсіздікке қатер төндіре отырып, нақты немесе болжамды төуекелі бар жағдайларда қойылса, Жұмыскер осы мән-жайлар кезінде қажетті деп санайтын іс-әрекеттер жасауы тиіс. Жұмыскер орын алған жағдай туралы егер Қазақстанда немесе Қырғызстанда болса, Бас компаенс-офицерге немесе Дубайдағы Корпоративтік хатшыға дереу хабарлауы тиіс. Мұндай жағдайларда да, KAZ Minerals жылдамдату үшін төлемдерге жол бермеу қағидатын сақтайды және мұндай төлемді жүзеге асыру аса қажет жағдайда, KAZ Minerals мәселені немесе кез келген ықтимал қауіпті жағдайларды реттеу үшін қабылдауға қажетті шаралар туралы шешім қабылдау кезінде барлық

көрсетілген мән-жайларды, оның ішінде адамдарға немесе мүлікке қауіп-қатер дәрежесін қарастырады.

3. Іскерлік серіктестермен қарым-қатынас жасау

KAZ Minerals Тобы өз қызметін адал жүзеге асыруға ұмтылады және барлық іскерлік операцияларды жүзеге асыру кезінде ең қатаң этикалық стандарттарды ұстанады. KAZ Minerals өзінің жеткізушілерінен, сатып алушыларынан, консультанттарынан, агенттерінен, дистрибьюторларынан және басқа да іскер серіктестерінен осындай мінез-құлықты күтеді.

KAZ Minerals жеткізушілерге, сатып алушыларға, консультанттарға, агенттерге, дистрибьюторларға және өзге де іскер серіктестерге олардың заңнамалық, этикалық талаптарға сәйкестігін белгілеу және олардың өз атынан немесе KAZ Minerals атынан жүзеге асырылатын қандай да бір заңсыз қызметке, соның ішінде парақорлыққа және сыбайлас жемқорлықтың басқа да көріністеріне қатысы жоқ екендігіне сенімді болу мақсатында алдын ала кешенді заңдық тексеру жүргізеді. KAZ Minerals-тың контрагенттерді алдын ала тексеруге қойылатын талаптары туралы толық ақпарат «Іскерлік серіктестермен қарым-қатынас жүргізу/контрагенттерді алдын ала тексеру» жеке саясатында қамтылған.

4. Саяси жарналар

KAZ Minerals жергілікті, өңірлік немесе республикалық деңгейде болсын саяси партиялардың қызметіне тікелей немесе жанама қатыспайды және саяси науқандарға, партияларға, кандидаттарға және олармен байланысты кез келген ұйымдарға қолдау көрсетпейді.

KAZ Minerals Жұмыскерлердің өздерінің тұрақты тұратын елдеріндегі қолданыстағы заңнамасына сәйкес келетін тәсілдермен саяси қызметке жеке қатысу құқығын мойындайды. Саяси қызметке қатысу, уақыт бөлу немесе жарна төлеу сияқты кез келген іс-әрекет Жұмыскердің жеке есебінен жүзеге асырылады. Барлық Жұмыскерлер өздерінің саяси көзқарастары KAZ Minerals ұстанымын көрсетпейтінін анық көрсетуі тиіс.

5. Заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы хабарландырулар (Speak Up қызметі)

Жұмыскерлер жұмыс орнындағы заңсыз қызмет немесе бұзушылықтардың оларға белгілі фактілері туралы дереу хабарлауы тиіс. Заңнаманы немесе осы Кодексте баяндалған этикалық нормаларды бұзу туралы негізделген күдіктері бар Жұмыскерлер ең алдымен аталған жағдайға басшылық ететін және оған тиімді іс-әрекет ете алатын басшысына, немесе Бас комплаенс-офицерге немесе Қазақстандағы, Қырғызстандағы Топ компанияларының Комплаенс - офицеріне, немесе Дубайдағы Корпоративтік хатшыға хабарлауы тиіс.

Жұмыскер өз қалауы бойынша Speak Up қызметін пайдаланып, телефон арқылы немесе интернет арқылы Топтың іскерлік этикасын, заңнамасын немесе жергілікті актілерін бұзу туралы хабарлай алады. Бұл қызмет тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн және бірнеше тілде қызмет көрсетеді. Қоңырауға оқытылған тіркеушілер жауап береді. Содан кейін тіркеуші ақпарат туралы жоғары басшыға хабарлайды, мәселе тергеп тексеріліп, тиісті шаралар қабылданады.

KAZ Minerals кеңес алу үшін адал ниетпен жүгінетін, алаңдаушылық білдіретін немесе

кез келген теріс қылықтар, заңсыз іс-әрекеттер немесе заң бұзушылықтар туралы хабарлайтын кез келген адамға қатысты шара қолданбайды немесе жазаламайды және қудалаудың кез келген нысанына жол бермейді. Толық ақпарат заңнаманы және KAZ Minerals этикалық нормаларды бұзу туралы хабарлау саясатында (Speak Up) берілген.

«KAZ Minerals International DMCC» Байқау кеңесі бекітті
2024 жылғы 25 маусым